

Республиканың Мектепке дейінгі мекемелерінің жүйесінде балаларды күтіп-бағу ақысын тәртіпке келтіру және оған қолдау жасау туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысы 1992 жылғы 31 наурыз N 712.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2001.09.04. N 677
Жарлығымен. ~U010677

Соңғы уақытта республика Үкіметіне, жергілікті басқару органдарына бірқатар министрліктер, ведомстволар, кәсіпорындар мен ұйымдар басшыларының қарамағындағы мектепке дейінгі мекемелер балаларды күтіп-бағу бағасының өсуіне байланысты шығындарды ата-аналардың өтем жасауы жөніндегі негізсіз талаптары туралы еңбекшілердің көптеген өтініштері түсуде. Бұл кәсіпорындарда ата-аналары жұмыс істемейтін мектепке дейінгі ведомстволық мекемелерден балаларды шығарып жіберу фактілері орын алуда, мұның өзі халықты әлеуметтік қорғау, балалы отбасыларға көмек көрсету жөнінде республикада жүргізіліп отырған саясатқа қайшы келеді.

Мектепке дейінгі мекемелерде балаларды күтіп-бағуға жұмсалатын шығындардың ішінара орнын жабу және ата-аналардан ақы төлеттіруді тәртіпке келтіру мақсатында қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Халыққа білім беру министрлігімен бірлесіп, 1992 жылғы 1 сәуірден бастап ведомстволық бағынысына және ата-аналардың жұмыс орнына қарамастан, мектепке дейінгі мекемелерде балаларды күтіп-бағу үшін ата-аналардан алынатын ақының мөлшерін анықтап, көп балалы отбасыларға, дене және мінез-құлқында ауытқушылығы бар балалардың ата-аналарына, студенттер отбасыларына және жалғыздікті аналарға арналған жеңілдіктер берілуін көздейтін болсын.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне мүдделі министрліктер мен ведомстволардың келісуімен алдағы уақытта инфляциялық процестерге және бағаның өсуіне байланысты мектепке дейінгі мекемелерде балаларды күтіп-бағу үшін ата-аналардан алынатын ақы мөлшерін белгілеу хұқы берілсін.

2. Республиканың министрліктері мен ведомстволарына, кәсіпорындарының, ұйымдары мен мекемелерінің басшыларына ата-аналардың жұмыс орнына қарамастан қарамағындағы мектепке дейінгі мекемелерден балаларды шығарып жіберуіне тыйым салынсын, сондай-ақ мектепке дейінгі мекемелерде балаларды күтіп-бағу үшін ақы төлеу шоттарын ата-аналарға негізсіз жіберу тоқтатылсын.

Республика кәсіпорындарының, мекемелері мен ұйымдарының басшылары

сол кәсіпорнында, мекемеде немесе ұйымда ата-анасы жұмыс істемейтін балаларды жергілікті әкімшіліктер олардың тұрғылықты жерлеріндегі жіберуі үшін қарамағындағы мектепке дейінгі мекемелердегі орынның 20 процентіне дейін беретін болсын.

3. Қазақстан Республикасының жергілікті әкімдері, министрліктері мен ведомстволары, кәсіпорындар мен ұйымдардың басшылары қазіргі мектепке дейінгі барлық мекемелердің жұмыс істеуі үшін қалыпты жағдай жасап, олардың тамақ өнімдерімен, жұмсақ, қатқыл мүкәммалмен және жабдықтармен жасақталуын жақсарту жөнінде

қажетті шаралар қолданатын болсын.

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бір айлық мерзім ішінде Үкімет шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін және оның орындалуы үшін қатаң бақылау қоятын болсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті